

Сапар Байжановтың есімін мәңгі есте қалдыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 9 тамыз N 1122

Белгілі журналист, жазушы және қоғам қайраткері, "Социалистік Қазақстан" газетінің бұрынғы редакторы Сапар Байжановтың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Алматы қаласының әкімі заңдарда белгіленген тәртіппен:

- 1) Алматы қаласының Мұқан Төлебаев көшесіндегі Сапар Байжанов тұрған 53 үйдің қабырғасына ескерткіш тақта орнатсын;
- 2) Алматы қаласы көшелерінің біріне және Алматы қаласының N 162 қазақ орта мектебіне Сапар Байжановтың есімін берсін.

2. Алматы облысының әкімі заңдарда белгіленген тәртіппен Алматы қаласының " Кеңсай" зиратындағы Сапар Байжановтың қабірінің басына құлпытас орнатсын.

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Сапар Байжановтың "Ала көбеде мені оят" романын бастырып шығаруды жүзеге асырсын.

4. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің журналистика факультетінде " Сапар Байжанов дәрістері" - "Байжановские чтения" тақырыбымен студенттердің жыл сайынғы ғылыми конференцияларын ұйымдастыратын болсын.

5. Сапар Байжановтың есімін мәңгі есте қалдыру шараларын

қаржыландыруды 1999 жылға арналған бюджетте көзделген қаражаттың есебінен және соның шегінде тиісті мемлекеттік мекемелер - бағдарлама әкімгерлері жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК